

МРНТИ: 15.01.33

10.51889/2959-5967.2024.80.3.009

Д.Е. Абдраманова¹, Ерментаева А.Р.¹

¹Тұран университеті (Қазақстан, Алматықаласы)

ҒЫЛЫМДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАСАТТЫЛЫҚ ТҮСІНГІ

Аңдатпа

Мақалада психологиялық парасаттылық ұғымына теориялық талдау беріледі. Шетелдік зерттеушілер бірнеше онжылдықтар бұрын адамның ішкі әлеміне қол жетімділік дәрежесін, әртүрлі эмоциялар мазмұнын, оны қаншалықты қызықтыратынын, оның «Мен» бейнесін құруға қаншалықты эмоциялық түрде қосылғанын көрсететін сипаттамалардың бірі психологиялық парасаттылық екенін анықтады. Осылайша, осы жеке ерекшеліктерді бағалау және психологиялық көмектің жақсы нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал ететін ерекшеліктерді анықтау қазіргі уақытта маңызды және өзекті мәселе болып табылады.

Психологиялық парасаттылық ұғымының анықтамалары қарастырылып, моделі ұсынылған. Психологиялық парасаттылық психологиялық процестерге, қарым-қатынастар мен мағыналарға рефлексия жасау қабілеті ретінде анықталады және жеке адамның эмоциялық және интеллектуалдық өлшемдерде, рефлексияға қызығушылық пен қабілеттілік дәрежесінде және өзін-өзі бағалауында көрінеді. Қабілет қызығушылықпен дамып, шектеледі, ал интеллектуалдық психологиялық ой-өріс аффективті психологиялық парасаттылық арқылы дамып, шектеледі.

Түйін сөздер: қасиет, қатынас, өзін-өзі бағалау, психологиялық парасаттылық, рефлексия, эмоция.

Абдраманова Д.Е.¹, Ерментаева А.Р.¹

¹Университет Туран, (Қазақстан, Алматы)

ПОНЯТИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ РАЗУМНОСТИ В НАУКЕ

Аннотация

В статье дается теоретический анализ понятия психологической разумности. Зарубежные исследователи несколько десятилетий назад обнаружили, что одной из характеристик, указывающих на степень доступа к внутреннему миру человека, содержание различных эмоций, насколько он заинтересован, насколько эмоционально вовлечен в создание образа его «Я», является психологическая разумность. Таким образом, оценка этих индивидуальных особенностей и выявление особенностей, способствующих достижению лучших результатов психологической помощи, в настоящее время является важной и актуальной проблемой.

Рассмотрены определения понятия психологической разумности и предложена модель. Психологическая разумность определяется как способность размышлять о психологических процессах, отношениях и значениях и проявляется в эмоциональном и интеллектуальном измерениях, степени интереса и способности к размышлениям, а также в самооценке человека. Способности развиваются и ограничиваются интересом, а интеллектуальное психологическое мышление развивается и ограничивается аффективной психологической разумностью.

Ключевые слова: качество, отношение, самооценка, психологическая разумность, рефлексия, эмоции.

D.Abdramanova¹, A.Ermentaeva¹

¹Turan university(Almaty,Kazakhstan)

THE CONCEPT OF PSYCHOLOGICAL MINDEDNESS IN SCIENCE

Abstract

The article provides a theoretical analysis of the concept of psychological mindedness. Several decades ago, foreign researchers discovered that one of the characteristics indicating the degree of access to the inner world of a person, the content of various emotions, how interested he is, how emotionally involved in creating an image of his "I" is called psychological mindedness. Thus, the assessment of these individual characteristics and the identification of features that contribute achieving the best results of psychological care is currently an important and urgent problem.

The definitions of the concept of psychological mindedness are considered, a model is proposed. Psychological mindedness is defined as the ability to reflect on psychological processes, relationships and meanings and is manifested in emotional and intellectual dimensions, the degree of interest and ability to reflect, as well as in a person's self-esteem. Abilities develop and limited by interest, and intellectual psychological thinking develops and limited by affective psychological mindedness.

Keywords: quality, attitude, self-esteem, psychological mindedness, reflection, emotions.

КІРІСПЕ

Зерттеуде ең алдымен психологиялық парасаттылық ұғымы теориялық тұрғыдан болжамданып, тұжырымдалды. Зерттеу объектісі мен пәніне орай психологиялық концепциялар, теориялар, эксперименттік әдіснамалар мен мәліметтер зерттеу материалдары болады.

Зерттеу тақырыбы мен мақсатына байланысты психологиялық парасаттылық, оның даму жағдайы, құрылымдары бойынша теориялық және эмпирикалық мәліметтерді талдау, жинақтау, нақтылау, жалпылау зерттеу әдістері ретінде қолданылады.

«Психологиялық парасаттылық» ұғымы әдебиеттерде бір мәнде анықталмайды. «Психологиялық парасаттылық» ұғымы ең алғаш Меннингер клиникасында пациенттердің психотерапиядан сәтті өтуінің негізінде, психология ғылымына психотерапия арқылы кірді.

Ағылшын тіліндегі «mindedness» ұғымының ғылыми әдебиеттердегі барлық баламаларын талдай келе, оның мәнін, мағынасын, мазмұнын «парасаттылық» термині психологиялық тұрғыдантолық ашатыны айқындалды. Көбінесе «mind» ұғымының тікелей аудармасы«сана» дегенді білдіреді. Сондықтан көптеген еңбектер осы «mindedness» категориясын «саналылық» ұғымымен алмастырады. Психологиялық зерттеулердегі «сана», «саналылық» ұғымдарының анықтамасы әзірше тек америкалық, батыстық ғылым мен практикада қолданылатын психологиялық парасаттылықты адекватты анықтай алмайды.

Зерттеу барысында«психологиялық парасаттылық» категориясы субъектінің эмоциясын, мінез-құлық, жүріс-тұрысының мән мағынасын, өз сезімдеріне мән бере алу қабілетін, өзін және басқаларды түсінуге дайын болуын көпжақты сипатпенанықталуы мәлім болды.

Парасат-ақылдылық пен білімпаздықтың, мәдениеттіліктің іс-әрекеттегі көрінісі, адам бейнесіндегі нұры.

Парасаттылық – өркениеттегі адамдық қасиеттің көрінісі: сабыр-сауаттылық, білімдарлық, үлгі-өнеге көрсететін адам бейнесіндегі қадірлі қасиет [Қазақ тілі терминдерінің ғылыми салалық түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. Алматы «Мектеп» 2002. 172 б.].

Парасаттылық - бұл адамның өмір барысында алған білімін дұрыс қолдануға мүмкіндік беретін қасиеті. Бұл ұғым белгілі бір процестің немесе құбылыстың идеалды моделі мақсат ретінде ұсынылатын күйге қаншалықты сәйкес келетінін анықтайды.

Қазіргі уақытта қоғамның барлық салаларындағы жылдам өзгерістер дәуірінде әр адам өзіне жүктелген міндеттерді тез шешуге тырысады. Бұл психологиялық мәселелерді шешуге де қатысты. Осыған байланысты психотерапияның, психологиялық кеңес берудің және

психологиялық көмектің басқа түрлерінің жоғары тиімділігіне ықпал ететін жеке факторларды зерттеуге арналған зерттеулер маңызды

Мәселен Д. Мармор психологиялық көмектің тиімді эмбебап факторлары туралы пікірінде психолог пен клиенттің қарым-қатынасын бірінші орынға қояды. Автор психолог та, клиент те психологиялық кеңес беру процесіне өздерінің тұлғалық ерекшеліктерін әкелетінін атап өтеді, бұл әрине қорытынды нәтижеге әсер етеді деп тұжырымдайды [2].

Соңғы жылдардағы психологиялық зерттеулерде адамның ішкі тәжірибесінің қолжетімділік дәрежесін, сан алуан эмоциялық күйлерінің мазмұнын, қаншалықты олардың адамның өзін қызықтыратынын, қандай дәрежеде "Мен" бейнесін құруға эмоциялық түрде қосылғанын көрсететін сипаттамалардың бірі психологиялық парасаттылық.

Клиникалық тәжірибеде психологиялық парасаттылық психотерапиядан сәтті өтудің маңызды алғышарты ретінде дәстүрлі түрде қарастырылды. Кейіннен психологиялық парасаттылық құбылысына басқа мамандар назар аударабастады, олардың қызметі тек клиникалық тәжірибемен ғана байланысты емес.

Қазіргі уақытта психологиялық парасаттылық адам өмірінің барлық салаларына әсер ететін тұрақты тұлғалық сипаттамасы ретінде қарастырылады (жеке, отбасылық, оқу, кәсіби және т.б.).

Шетел әдебиеттерінде бұл құбылыстың көптеген анықтамалары бар. Көбінесе авторлар С.А. Аппельбаумның (S.A. Appelbaum) анықтамасына сілтеме жасайды, оған сәйкес психологиялық парасаттылық - «адамның психикалық күйлері мен мінез-құлықтардың мағыналары мен себептерін білу мақсатында ойлар, сезімдер мен әрекеттер арасындағы байланысты көру қабілеті».

С.Дж. Доллингер және оның әріптестері психологиялық парасаттылықты «мінез-құлық жолдары арасында оқу қабілеті» деп анықтайды және оның кәсіби психолог үшін маңызды дағды екенін атап өтеді [9, 183]. Р.Л. Хэтче және С.Л. Хэтчер психологиялық парасаттылық «когнитивті және эмоциялық дағдыларға негізделген өзін және басқаларды психологиялық түсінуге қол жеткізу қабілеті» деп тұжырымдайды [11, 9].

Б.А. Фарбер психологиялық парасаттылықты «өзінің және басқа адамдардың мінез-құлқының, ойлары мен сезімдерінің мәні мен мотивациясы туралы ойлауға негізделген қасиет» деп санауға болатындығын атап өтті. Ол сонымен қатар психологиялық парасаттылықты психотерапевттердің кәсіби және жеке өмірінің орталық аспектісі деп санайды.

Х.Р. Конте және оның серіктес авторлары «психологиялық парасаттылық-бұл жеке тұлғаның қасиеті, ол өзінің сезімдеріне белгілі бір қол жетімділікті, өзін және басқаларды түсінуге дайын болуды, өз мәселелерін талқылаудың пайдасына сенуді, өзінің және басқалардың ойларының, сезімдері мен мінез-құлқының мәні мен мотивациясына қызығушылықты және өзгеру қабілетін болжайды» деген анықтаманы ұсынды [7, 254]. Авторлар сонымен қатар бүкіл әлемдегі психологтар мен зерттеушілер белсенді қолданатын психологиялық парасаттылық шкаласын (ППШ) (Psychological Mindedness Scale) жасады.

Ресейде психологиялық парасаттылықтың құрылымын салыстырмалы түрде жақында зерттеле бастады. М.А. Новикова және Т.В. Корнилова алғашқылардың бірі болып ресейлік үлгіде психологиялық парасаттылық шкаласын сынақтан өткізіп және оны бейімделген нұсқасын ұсынды [3]. Бұл нұсқа психологиялық парасаттылық ұғымының бастапқы мазмұнына сәйкес келетін бірнеше субшкалаларды қамтиды.

Жоғарыда сипатталғандай, көптеген авторлардың пікірлері психологиялық парасаттылық психологиялық тәжірибеде ерекше орын алады деген ойға түйіседі. Дегенмен ол клиенттің де, психологтың да маңызды тұлғалық қасиеті болып саналады. Осыған қарамастан бұл мәселені зерттеуге жеткілікті көңіл бөлінбей тұр.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Психологиялық парасатты субъект сыртқы оқиғаларға байланысты субъективті тәжірибені бағалау үшін өзінің ішкі әлеміне назар аудара алады. Мұндай адам баласы танымдық және эмоциялық процестердің саналануымен; рефлексияға дағдылануымен; тәжірибені интеграция-

лауға ұмтылыспен және өзін-өзі тануға қабілетімен ерекшеленеді. Сонда, психологиялық парасатты субъект оқиғаларды интеллектуалды түсінумен шектелмейді. Сонымен қатар, психологиялық парасатты субъект өзін-өзі адекватты бағалаумен сипатталады. Осыған байланысты болуы мүмкін: психологиялық парасаттылықты С.А.Аппельбаум «Адамның өз ойлары, сезімдері мен әрекеттері арасындағы байланысты көре білу қабілеті», – деп түсіндіреді.

Ал, Д.Л.Волитски (D.L.Wolitzky) және Р.Рубеннің (R.Reuben) психологиялық парасаттылықты субъектінің саналы түрде әрекет етуі бойынша қарастырады. Осыдан, авторлар «мінез-құлықты психологиялық тұрғыдан түсіну немесе түсіндіру тенденциясы, яғни, өзінің немесе басқа адамның мінез-құлқын, қажеттіліктерін, тілектерін, мақсаттарын, ниеттерін, шиеленістерін, қорғаныс стратегияларын және т.б. туралы ақпаратты білдіру және ақпарат беру ретінде қарастыру», – деп, оны адамның ерекше әрекеттеріне балайды.

Психологиялық зерттеулерде психологиялық парасаттылықты тұлғалық предикторлық қасиет ретінде қарастыру тұрғылары да бар. Мысалы, С.Дж.Доллингер (S.J.Dollinger) және оның әріптестері (M.J.Reader, J.P.Marnett және B.Tylanda) психологиялық парасаттылықты «мінез-құлықты болжап түсіну қабілеті», – деп анықтайды және оның кәсіби психолог үшін маңызды екенін де баса көрсетеді [6, 603-604б.; 7, 183б.]

Сондай-ақ, Р.Л.Хэтчер (R.L. Hatcher) еңбектерінде психологиялық парасаттылық дағдылар негізінде дамыған қасиет болатыны баса көрсетіледі. Автор психологиялық парасаттылық адамның «танымдық және эмоциялық дағдыларына негізделген, өзін және басқаларды психологиялық тұрғыдан түсінуге қол жеткізу қабілеті», – деп тұжырымдайды [9, 9б.].

Х.Р. Конте (H.R. Conte) өз серіктестерімен бірлескен зерттеуде де психологиялық парасаттылықты әлдеқайда нақтылап, тұлғалық қасиет ретінде анықтайды. Мұнда психологиялық парасаттылық өзін біле алуын, өзін және басқаларды түсінуге дайын болуын, өз мәселелерін талқылаудан аулақ болу тиімділігіне сенімін, өзінің және басқа адамдардың ойларының, сезімдері мен мінез-құлқының мәні мен мотивациясына бағдарлануын және өзгеруге қабілетін тұлғалық қасиет болады [4, 254 б.].

Ф.Бекеланд (F. Baekeland) пен Л.Лундвалл (L.Lundwall) ұстанымдары бойынша психологиялық парасаттылық «адам – адам» саласындағы қоғамдық талаптарға сәйкес, кәсіптік жарамдылықты білдіреді. Сондықтан авторлар психологиялық парасаттылықты адамның психологиялық және тұлғааралық мәселелерді тани білу және мойындау, психологиялық құрылымдарды қолдану және өз мінез-құлқының психологиялық себептері мен салдарын болжай алу қабілетімен байланыстырады [10, 133б.].

Қазіргі кезде психология ғылымдары үшін психологиялық парасаттылықтың табиғаты, генезисі туралы білімдер маңызды болуда. Осыған орай психологиялық парасаттылықтың генетикалық та, әлеуметтік те негіздері туралы бірен-саран тұжырымдар бар. Мысалы, Б.А.Фарбер психологиялық парасаттылықты индивидтің биологиялық негіздегі өмір сүру және түсіну тәсіліне келтіріп, анықтайды. Бірақ автор адамның психологиялық парасаттылығын өзіндегі және басқалардағы мінез-құлықтың, ойлар мен сезімдердің мәні мен мотивациясын саналы аңғаруға негізделген қасиет ретінде атап өтті. Сондай-ақ Б.А. Фарбердің психологиялық парасаттылықты психотерапевттерге бағдарлап қарастырғанын ескертеміз. Осы орайда автор көзқарасынша, психологиялық парасаттылық психотерапевттер үшін кәсіби және жеке өмірдегі базалық аспект болады. Ол өзінің «The genesis, development, and implications of psychological-mindedness in psychotherapists» («Психотерапевттер үшін психологиялық парасаттылықтың пайда болуы, дамуы және маңызы») деген мақаласында, кәсіби дайындық процесінде психологиялық парасаттылықтың терапевтердегі даму процесін бақылайды. Сонда, эмпирикалық мәліметтерден алған деректер бойынша Б.А. Фарбер жоғары дейгейдегі психологиялық парасаттылықтың жағымды әсерлері мен жағымсыз да салдарын сипаттайды [8, 170 б.]. Дегенмен, зерттеу барысында психологиялық парасаттылық субъектінің өмірдегі тіршілік әрекеттерінің ерекшеліктерін сипаттап, білдіретіні мәлім болды. Сонымен қатар, психологиялық парасаттылық адамның қабілеті, қасиеті ретінде сапалық ерекшеліктерге ие. Бұдан психология-

лық парасаттылықтың әлеуметтік негізі айқын болуынан, оны биоәлеуметтік қасиет деп санаймыз.

Әдебиетте психологиялық парасаттылықтың деңгейлі дамуы, деңгейлік ерекшеліктері туралы да зерттеулер бар. Осылайша А.С.Рогавский (A.S.Rogawski) психологиялық парасаттылықтың ең жоғары деңгейіне «адамның өзінің ішкі күйзелістерін, сезімін сыртқы себептермен немесе басқалардың ықпалымен пайда болатын емес, өзінің ақыл-ойы мен бағыттылығының нәтижесі ретінде вербализациялауға қабілеті» дейді [10, 133 б.].

Ал, Э.Р.Райан (E.R.Ryan) және Д.В.Чикетти (D.V.Cicchetti) психологиялық парасаттылықты кәсіптік іс-әрекеттік әлеуметтік рөлге қатысты қарастырып, адамның өзіне және өзінің қиындықтарына көзқарасындағы психологиялық оңтайлылық», – деп анықтайды. Осыған байланысты авторлардың ұстанымы бойынша, психологиялық парасаттылықтың төмен деңгейі адамның өз қиындықтарын сыртқы себептерге аударумен, ал жоғары деңгей – қиындықтарға интрапсихикалық тұрғымен, яғни, оның тек өзінің ішкі қатынасымен анықталады [10, 133 б.].

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛДАУ.

Дж.Холлдың [10] психологиялық парасаттылықты көп өлшемді құрылым ретінде қарастыруы және адамда психологиялық парасаттылықтың төмен немесе жоғары деңгейлермен сипаттауға болуындағы айындауы біздің зерттеу үшін негізге алынады. Ол психологиялық парасаттылықтың құрылым компоненттеріне қызығушылық, қабілет, аффект және интеллект сияқты тұлғалық қасиеттерді кіріктіреді. Мұнда психологиялық парасаттылықта бірнеше құрылымдық компоненттердің анықталып, ажыратылуы да ғылым мен тәжірибеде маңызды рөл атқарады. Авторлар бірінші компонентке психологиялық процестерді, қатынастар мен мағыналарды түсінуге қызығушылық, бағыттылық ретінде анықтайды. Психологиялық парасаттылықтың екінші – құраушыларына психологиялық процестерді, қатынастар мен мағыналарды түсінуге деген қабілетті дамытуға мүмкіндіктер кіріктірілген. Үшіншісі, аффективтік компонент, яғни психологиялық процестердің, қатынастар мен мағыналардың эмоциялық рефлексияны қамтиды. Ал төртінші интеллектуалды компонент болады. Мұнда психологиялық процестердің, қатынастар мен мағыналардың интеллектуалды рефлексиясы жатады. Әрі, Дж.Холлдың тұжырымдамасында психологиялық парасаттылықтың ерекше «адекватты психологиялық парасаттылық» («Accurate Psychological-Mindedness») деңгейі анықталады. Бұл деңгей тұлғаның психологиялық процестерге, қатынастарға және мағыналарға қатысты эмоциялық және интеллектуалды негізде қызығушылық пен рефлексияға қабілетті көрсететін дәреже болады [10, 138 б.].

Дж.Холл концепциясында адекватты психологиялық парасаттылықтың үлгісі ұсынылған (1-сурет):

Эмоциялық, психологиялық тұрғыдан парасатты болуға бағыттылық (Interest in being Affectively Psychologically-Minded)	→	Эмоциялық, психологиялық тұрғыдан парасатты болуға қабілеті (Ability to be Affectively Psychologically-Minded)	↘	
				Адекватты психологиялық парасаттылық (Accurate Psychological-Mindedness)
Интеллектуалды психологиялық тұрғыдан парасатты болуға бағыттылық (Interest in	→	Интеллектуалды психологиялық тұрғыдан парасатты болуға қабілетін дамыту (Ability to be Intellectually Psychologically-Minded)	↗	

beingIntellectually Psychologically-Minded)				
--	--	--	--	--

1-сурет. Дж. Холл бойынша адекватты психологиялық парасаттылықтың үлгісі

Бұл үлгі арқылы эмоциялық интеллекттің ең жоғарғы деңгейі психологиялық парасаттылыққа алып келетіндігін аңғара аламыз. Адам интеллектуалды тұрғыдан жоғары деңгей танытқанымен, эмоциялық интеллектісі төмен болса, ол өз өмір сапасын арттыруға мүмкіндіктері шекті болатыны талай когнитивті эмоция саласы бойынша зерттеулерде дәлелденген (К.Изард, Р. Лазарус, У. Мак-Дауголл, Р. Плутчик, Л. Фестингер, С. Шехтер, т.б.).

Қазақстанда, ТМД елдерінде психологиялық парасаттылықты, оның даму ерекшеліктерін зерттеулер жоқтың қасы. Біз бастамашылықпен студенттерге қатысты осы мәселені қарастыруды алғаш рет қолға алып отырмыз. Психологиялық парасаттылықты тек қана ақыл-ой, қабілет, сияқты когнетивті және кейбір тұлғалық қасиеттер арқылы қарастырумен шектелмейміз. Біз психологиялық парасатты психикалық қасиеттермен байланыстырып қана қоймаймыз, оны өте күрделі интегралданып бір-бірімен ықпалдасқан субъектілік қасиет деп қарастырамыз. Сонымен қатар біз үшін психологиялық мәдениетті дамыту мүмкіндіктері мен шарттарын білу өзекті. Себебі, келешек жұмыстарымыз студенттерде психологиялық мәдениетті дамытудың психологиялық заңдылықтары мен механизмдерін тұжырымдап, тағайындауға бағытталады.

Бұл ұстаным бойынша біз әдебиеттен тренинг психологиялық парасаттылықты дамытуға ықпалын зерттеуге ден қойдық. Осы тұрғыдан С.А.Аппельбаум еңбектері назар аудартты. Автор адамды психологиялық парасатты болуға үйретуге бола ма, жоқ па деген сұраққа жауап беріп, өз көзқарасын білдіреді. Ол «Жоғары музыкалық шеберлікті негізгі музыкалық қабілеті жоқ адамдарға үйрету мүмкін емес сияқты, психологиялық парасаттылықты тренингтер арқылы дамытуға болуын тұжырымдап, ойымызға ой қосты. Сондықтан психологиялық парасаттылықты әртүрлі педагогикалық, психологиялық технологиялар арқылы дамыту мүмкіндігін өз зерттеулерімізде болжамдап, тексеру жүзеге асырылады.

Француз философы Г. Мабли біздің бойымызға біткен қасиеттердің ішіндегі ең маңыздысы және ең ізгісі парасат болатынын шегендеген. Тұрмыстық психологиялық білімде де парасатты адам істейтін ісін, сөйлейтін сөзін, қабылдайтын шешімін алдымен ақыл таразысынан өткізіп алу; әдеп-инабат, адамгершілік жағынан кінәратсыздық, салихалық пен мейірімділік, ізгілік пен кең мінезділік арқылы сипатталады.

Жоғарыдағы анықтамаларды, тұжырымдарды қорытындылай келе, психологиялық парасаттылық келесі ядролық тұлға ерекшеліктерін нақтылап, бөліп көрсете аламыз:

1. Өзін-өзі тану – адамның өз эмоцияларын, ойларын және мінез-құлқын түсіну және олардың басқа адамдарға қалай әсер ететінін білу қабілеті.

2. Эмпатия – адам өзін басқаның орнына қойып, оның сезімдері мен қажеттіліктерін түсіне білу.

3. Эмоцияларды басқару – адамның өз эмоцияларын бақылау және оны мақсатқа жету үшін пайдалану мүмкіндіктері.

5. Қарым-қатынас – адамның басқамен тиімді қарым-қатынас жасау, оларды тыңдай алу және өз ойларын мен сезімдерін жеткізе білу дағдылары.

6. Өзін-өзі реттеу – адамның өз мақсаттарына жету және эмоциялық тепе-теңдікті сақтау үшін өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын басқара білу қабілеті.

7. Өзін-өзі бағалауы – өзін түсініп, қабылдап, жеке қасиеттеріне нақты баға беру, яғни өз бағасын кемітіп не арттырып қою емес, өз-өзіне іштей әділ болу.

8. Жауапкершілік – адамның өз іс-әрекеті мен өз шешімдерінің салдары үшін жауапкершілікті қабылдай білу субъектілігі.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Сонда парасат ұғымы тұлғаның толымды кемелдігінің белгісі ретінде саналылық пен келісті әдеп-инабаттылығының; қоғамдық моральға, стандарттарға сәйкес әлеуметтенген мінез бітістерімен жарасты тұтастықты білдіреді.

Теориялық зерттеу нәтижесінде психологиялық парасаттылық арқылы адам бірқатар тіршіліктегі мәні жоғары функцияларды жүзеге асыра алатыны белгілі болды.

Психологиялық парасаттылықтың арқасында адам өзінің және басқалардың мінез-құлық, жүріс-тұрысын болжамдап, реттеп, бағалап, бақылай алуы оның теориялық және тәжірибелік маңызын айқындай түседі. Жүргізілген талдау, жалпылау, нақтылау жұмыстары арқылы психологиялық парасаттылықты индивидтің күрделі интегралданған тұлғалық құрылымы ретінде қарастырамыз.

Сонымен, психологиялық парасаттылықты өзінің іс-әрекетін, мінез-құлық, жүріс-тұрысын, аффектік саласын, қарым-қатынасын, өмір сапасын саналы түрде аңғарып, бақылауға, реттеуге мүмкіндік беретін күрделі, интегралданған, тұлғалық құрылым ретінде қорытамыз.

Психологиялық парасаттылық туралы зерттеулерден біз үшін маңызды тұжырым жасалды. Психологиялық тұрғыдан парасатты адам психологиялық ресурстың, психологиялық капиталдың жоғары даму деңгейіне негізделеді. Себебі, психологиялық парасатты тұлға адекваттылықпен және тұрақтылықпен өзін-өзі реттеп, бақылап, бағалай алады; мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, әрекеттерін, қатынастарын саналы түрде жобалайды, болжайды, аңғара алады.

Біз келешек өз зерттеу жұмысымызда М.А. Новикова бейімдеген «Психологиялық парасаттылық шкаласы» сауалнамасын, Д.В. Люсина бейімдеген «Эмоциялық интеллект» сауалнамасын, Льюис Голдбергтің «Үлкен бестік» әдістемесі, В.В. Столин, С.Р. Пантеевтың «Өзіндік қатынасты зерттеу» әдістемесі арқылы студенттердегі психологиялық парасаттылықтың сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтауды жобалаймыз. Сонымен қатар, студенттерде психологиялық парасаттылықтың даму деңгейлерін зерттеу міндеттері де алдымызға қойылған. Әрі психологиялық парасаттылықты әртүрлі педагогикалық, психологиялық технологиялар арқылы дамыту мүмкіндігін өз зерттеулерімізде болжамдап, тексеру жүзеге асырылады.

Осы көзқарас арқылы психотерапия нәтижесінде психологиялық парасаттылықтың артуы психологиялық симптомдардың төмендеуімен және психологиялық әл-ауқаттың жоғарылауымен байланысты болады деп күтуге болады (Conte et al., 1990; Conte et al., 1996).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреева И.Н. *Азбука эмоционального интеллекта*/И.Н.Андреева. – СПб.: БХВ-Петербург, 2012.– 288 с.
2. Знаков В.В. *Самосознание, самопонимание и понимающее себя бытие*/В.В.Знаков//*Методология и история психологии.*–2007.–Т.2.– Вып.3. – С. 65–74.
3. Карпов А.В. *Рефлексивность как психическое свойство и методика ее диагностики*/А.В.Карпов//*Психологический журнал.*–2003.
4. Conte H.R. *The Psychological Mindedness Scale: Factor structure and relationship to outcome of psychotherapy*/H.R.Conte, R.Ratto, T.B. Karasu//*Journal of Psychotherapy Practice and Research.*– 1996.–Vol.5.–P. 250–259.
5. Daw B. *Psychological mindedness and therapist attributes*/B.Daw, S.Joseph//*Counselling and Psychotherapy Research.*–2010.–№10(3).–P. 233-236.
6. Dollinger S.J. *Psychological-mindedness as «reading between the lines»: Vigilance, locus of control, and sagacious judgment*/S.J.Dollinger, L. Greening, B. Tylenda // *Journal of Personality.*– 1985.– №53(4). – P. 603–625.
7. Dollinger S.J. *Psychological-mindedness, psychological-construing, and the judgment of deception* /S.J.Dollinger [etal.]// *Journal of General Psychology.*– 1983.–№108. – P.183–191.
8. Farber B.A. *The genesis, development, and implications of psychological mindedness in psychotherapists* /B.A.Farber // *Psychotherapy.*– 1985. – Vol. 22. – P.170–177.
9. Grant A.M. *Rethinking Psychological Mindedness: Metacognition, Self-reflection, and Insight*

/A.M.Grant //Behaviour Change.–2001.–Vol.18. –P. 8-17.

10. Hall J.A. Psychological-mindedness: A conceptual model /J.A.Hall // American Journal of Psychotherapy. – 1992.– Vol. XLVI. – P.131–140.

11. Ibrahim A.M. The Impact of the Polarity of Questionnaire Itemson Factor Structure and Measurement of the Underlying Trait:The Case of the Psychological mindedness Scale /A.M.Ibrahim,B.S.Bakkar // Journal of Educational & Psychological Sciences. –2015. – Vol. 16. –No. 3. –P. 638–656.

12. Mayer J.D. Does personal intelligence exist? Evidence from anew ability-based measure / J.D.Mayer, A.T.Panter, D.R. Caruso // Journal of Personality Assessment.– 2012. –№ 94. –P.124–140.

References

1. Andreeva, I.N. The ABC of Emotional Intelligence / I.N. Andreeva. – St. Petersburg: BHV-Petersburg, 2012. –

2. Znakov, V.V. Self-consciousness, Self-understanding, and the Being that Understands Itself / V.V. Znakov // Methodology and History of Psychology. – 2007. – Vol

3. Karpov, A.V. ty as a Mental Property and Methods for Its Diagnosis / A.V. Karpov // *Psychological Psychological Journal. – 2003.4.

4. Conte H.R. The Psychological Mindedness Scale:Factor structure and relationship toout come of psychotherapy/H.R.Conte,R.Ratto,T.B. Karasu//Journal of Psychotherapy Practice and Research.– 1996.–Vol.5.–P. 250–259.

5. Daw B. Psychological mindedness and therapist attributes/B.Daw, S.Joseph//Counselling and Psychotherapy Research.–2010.–№10(3).–P. 233-236.

6. Dollinger S.J. Psychological-mindedness as«reading between the lines»:Vigilance,locus of control,and sagacious judgment/S.J.Dollinger,L. Greening, B. Tylenda// Journal of Personality.– 1985.– №53(4). – P. 603–625.

7. Dollinger S.J.Psychological-mindedness, psychological-construing, and the judgment of deception /S.J.Doll inger [etal.]//Journal of General Psychology.– 1983.–№108. – P.183–1 91.

8. Farber B.A. The genesis, development, and implications of psychological l-mindedness in psychotherapists /B.A.Farber//Psychotherapy.– 1985. – Vol. 22. – P.170–177.

9. Grant A.M. Rethinking Psychological Mindedness: Metacognition, Self-reflection, and Insight/A.M.Grant//Behaviour Change.–2001.–Vol.18. –P. 8-17.

10.Hall J.A. Psychological-mindedness: A conceptual model / J.A.Hall // American Journal of Psychotherapy.– 1992.– Vol. XLVI. – P.131–140.

11.brahim A.M.The Impact of the Polarity of Questionnaire Itemson Factor Structure and Measurement of the Underlying Trait:The Case of the Psychological mindedness Scale/A.M.Ibrahim,B.S.Bakkar // Journal of Educational & Psychological Sciences. –2015. – Vol. 16. – No. 3. –P. 638–656.

12.Mayer J.D.Does personal intelligence exist? Evidence from anew ability-based measure / J.D.Mayer, A.T.Panter, D.R. Caruso // Journal of Personality Assessment.– 2012. –№ 94. –P.124–140.